

#GoldCard өнімі бойынша Кешбэк бағдарламасы



1. Кешбэк бағдарламасы

1.1. Бағдарлама клиенттердің Банк өнімдеріне бейілділігін арттыруға, клиенттерді төлем картасын және/немесе оның деректемелерін және/немесе токенді пайдалана отырып, көбірек қолма-қол ақшасыз сауда жасауға ынталандыруға арналған.

2. Терминдер және анықтамалар

2.1. Банк – «Банк ЦентрКредит» АҚ.

2.2. Кешбэк – клиентке ПОС-терминал немесе Интернет арқылы картаны (оның деректемелерін/токенді) пайдалана отырып, жасалған қолма-қол ақшасыз сауда сомасынан ақшаның бір бөлігін қайтару.

1 Кешбэк = 1 теңге.

2.3. MCC (Merchant Category Code) коды – сауда орнының қызмет түрін сипаттайтын арнайы төрт мәнді код.

2.4. BCC.KZ-тегі төлем – BCC.KZ мобильді қолданбасында тауар мен көрсетілген қызмет ақысын төлеу.

2.5. Серіктес – Банкпен ынтымақтасатын және Клиенттерге Кешбэк немесе жеңілдік беретін компания немесе ұйым.

2.6. Серіктестік Кешбэк – Банктің Серіктесі ұсынатын Кешбэк.

2.7. Бонустық шот – Кешбэк есептеуді/пайдалануды есепке алуға арналған әрбір Клиент бойынша Банк ашатын баланстан тыс шот.

2.8. Сауда жасау – ПОС-терминал/Интернет арқылы карточканы (оның деректемелерін) пайдалана отырып, тауар мен көрсетілген қызмет ақысын қолма-қол ақшасыз төлеу.

3. Кешбэк түрлері

3.1. Кешбэк есептелетін сауда жасау санаттарын Банк MCC (Merchant Category Code) коды бойынша анықтайды, ол сауда орнының негізгі қызметін (мысалы, MCC 4511 – Әуе желілері немесе 7011 – Қонақүйлер) сәйкестендіру үшін Visa және Mastercard халықаралық төлем жүйелері тарапынан көзделген.

3.2. Банк #GoldCard өнімі бойынша Кешбэктің келесі түрлерін қарастырған:

Кешбэк түрі	Мөлшері, жасалған сауда сомасының %	Күнтізбелік айға белгіленген лимит
Қытайда жасалған сауда сомасынан қайтарылатын Кешбэк ¹	1%	20 000 теңге

¹ 31.10.2025 дейін Қытайда, Гонконгтан, Тайваньнан, Макао дан басқа, юаньмен жасалған сатып алуларға қолданылады. Кешбэк қарастырылмаған MCC тізімі 1-қосымшада

көрсетілген.

3.3. Банк келесі шығыс операциялары үшін Кешбэк есептемеуге құқылы¹: - ВСС.KZ-те төлем жасау; - банкоматтардан және қаржы институттарының/кредиттік ұйымдардың кассаларынан ақша қаражатын алу (МСС 6011, 6010); - ақша аудару, ақша салу, қаржы ұйымдары, мемлекеттік төлемдер (МСС 4829, 6531-6540, 6012, 6022-6028, 8931, 9211, 9222, 9311, 9399, 9402, 9405 және егер операция қаражат аударуға байланысты болса, басқа МСС); - телекоммуникациялық қызметтер, мобильді байланыс, интернет және ақылы телевизиялық қызметтер үшін төлем жасау (МСС 4812, 4813, 4814, 4815, 4821, 4899, 7375); - коммуналдық төлемдер (МСС 4900); - ұтыс тігу және бәс тігу бойынша төлем жасау, казино фишкаларын, шетел валютасын, бағалы қағаздарды сатып алу, пайлармен жасалған қаржы мәмілесі бойынша төлем жасау, ломбардтар (МСС 5933, 6050, 6051, 6211, 6529, 6530, 7800, 7801, 7802, 7995, 9406, 9223, 9754); - көтерме/коммерциялық сауда (МСС 5046 - коммерциялық жабдық, 5099 - өрт сөндіру құралдары, өрт дабылы және т.б., 5715 - алкоголь, 5921 - Алкоголь сататын дүкендер, 5993 - Темекі дүкендері); - басқа (МСС 4816 - компьютер желісі/ ақпараттық қызметтер, 5960 - пошта жөнелтімі арқылы сақтандыру, теледидар арқылы хабарландыру жасау және т.б., 6300 - сақтандыруды сату, андеррайтинг және сыйлықақы, 6399 - сақтандыру - еш жерде санаттарға бөлінбеген, 6513 - жылжымайтын мүлік агенттері және менеджерлер - жалға алу, 7321 - кредиттік бюролар, 7261 - Жерлеу қызметтері және крематорийлер, 7273 - Танысу, 7276 - салық бойынша қызметтер, 7299 - өзге сервис - еш жерде санаттарға бөлінбеген, 7311 - жарнама қызметтері, (МСС 7372, 7392) - компьютерлік бағдарламалау, деректерді өңдеу және интеграцияланған жүйелерді жобалау қызметтері, 7361 - Жұмысқа орналастыру жөніндегі агенттіктер, уақытша анықтама қызметтері, 7393 - Детективтік агенттіктер, күзет агенттіктері, қауіпсіздік қызметтері, 7322 - Борышты өндіріп алу агенттіктері, 7399 - бизнес қызметтері, 8661 - Діни ұйымдар, 0763 - Ауыл шаруашылығы кооперативтері, 8111 - Адвокаттар, заң қызметтері, 7277 - Борыш, неке, жеке мәселелер – консультация беру, 8651 - Саяси ұйымдар, 8734 - Сынақ зертханалары (медициналық емес), 8999 - кәсіби қызметтер - еш жерде санаттарға бөлінбеген, 8398 - қайырымдылық, 1-қосымшадағы МСС тізбесі).

3.4. Alipay, WeixinPay және WeChat Pay арқылы сатып алулар үшін Кешбэк есептелмейді.

4. Жалпы қағида

4.1. Карточканы (оның деректемелерін) пайдалана отырып, қолма-қол ақшасыз сауда жасау үшін Кешбэк операцияны өңдеу фактісі, яғни карточка шотынан сауда жасау сомасын есептен шығару (Банк сауда-сервис орнынан сауда жасауды растауды алған кезде) бойынша Клиенттің Бонустық шотына есептеледі. Әдетте Кешбэк Бонустық шотқа Клиент сауда жасаған сәттен бастап 1-7 күн ішінде есептеледі.

4.2. Кешбэк Банк белгілеген мөлшерде төленеді және Банктің байланыс арналары арқылы клиенттің назарына жеткізіледі.

4.3. Банк Кешбэк беру шарттарын Банктің тиісті шешімі негізінде біржақты тәртіппен өзгертуі/толықтыруы мүмкін.

4.4. Кешбэктің күшін жою Банктің шешімі бойынша мүмкін болады. Банк клиентке өз шешімінің себебін хабарламауға құқылы.

4.5. Банк эквайер-банктердің сауда-сервис орындарына дұрыс МСС бермегені үшін жауап бермейді.

4.6. Кешбэк Бонустық шотқа Бағдарламаға қатысушы әрбір карточканың айлық Кешбэк лимиті шегінде есептеледі. Кешбэк Банк сауда-сервис орны тарапынан сауда растамасын алған айдың лимитінде есепке алынады.

4.7. Егер Клиент күнтізбелік ай ішінде кемінде 500 (бес жүз) теңге сомаға Кешбэк жинаса, күнтізбелік ай аяқталғаннан кейін сома автоматты түрде Бонустық шоттан

есептен шығарылады және қалпына келтірілмейді.

4.8. Жинақталған Кешбэк сомасын Бағдарламаға қатысатын карточкаға аудару үшін Клиент кемінде 2 000 (екі мың) теңге сомаға Кешбэк жинауы қажет.

4.9. Егер Клиент өзінің Кэшбэгін оларды 12 ай ішінде Бонустық шоттан карточкаға аудармай пайдаланбаса, бұл қаражат автоматты түрде Бонустық шоттан есептен шығарылады және қалпына келтірілмейді.

4.10. Валютамен транзакция жасаған кезде, Банк Кешбэкті транзакция жүргізген сәтте ҚР Ұлттық Банкі белгілеген бағам бойынша есептейді және Кешбэкті Банкке қаржылық құжат келіп түскен сәтте белгіленген бағам бойынша есептейді.

5. Өзге талаптар

5.1. Клиент осы Бағдарламаға өзгеріс пен толықтырудың енгізілуін дербес қадағалауға міндеттенеді.

5.2. Банк жаңа Бағдарламаны Банк сайтына орналастыру немесе қолданыстағы Бағдарламаға өзгеріс енгізу арқылы біржақты тәртіппен Бағдарламаның шарттарына өзгеріс пен толықтыру енгізуге құқылы. Сонымен қатар Банк клиенттерге маркетингтік және/немесе ақпараттық хабарлама беру арқылы Бағдарламаның өзгергені туралы клиенттерге хабарлауға құқылы.

5.3. Бағдарламаның артықшылықтарын теріс пайдалану нәтижесінде салынған Кешбэк клиент тарапынан пайдаланылған жағдайда, клиент Банкке салынған Кешбэктің сомасын кез келген картаның шотынан Банктің акцептісіз есептен шығаруы/тікелей дебеттеуі арқылы салынған қаражатты қайтаруды тапсырады.

5.4. Банк Клиенттерге Бағдарламаның аясында Клиенттерге арналған арнайы акция/ұсыныс өткізілетіні және оның шарттары туралы тиісті ақпаратты Банктің сайтында немесе мобильді қосымшада орналастыру арқылы немесе Банктің таңдауы бойынша Клиент үшін қолжетімді басқа тәсілмен хабарлайды.

5.5. Егер Клиент Бағдарламаның шарттарын сақтамаса және/немесе алаяқтық әрекеттерді жүзеге асырса және/немесе Бағдарламаның аясында Клиентке берілген кез келген артықшылықтарды және/немесе ынталандыруларды теріс пайдаланса және/немесе Банкке жаңылыстыратын қате мәліметтерді берсе, Банк ескертусіз кез келген Клиентті Бағдарламаға қатысушылар қатарынан алып тастауға құқылы. Клиенттің Бағдарламаға қатысуы жоғарыда көрсетілген негіздер бойынша тоқтатылған жағдайда, осы Клиенттің Кэшбэгі жойылады.

5.6. Клиенттер Бағдарламаның артықшылықтарын теріс пайдаланған жағдайда (мысалы, бір сауда-сервис орнында және/немесе бір ПОС-терминал бойынша сауда жасау) Банк Клиентке Кешбэк есептеуді тоқтатуға, алдын ала салынған Кешбэктің күшін жоюға және/немесе Клиентті Бағдарламаға қатысушылар қатарынан алып тастауға құқылы.

5.7. Банк егер сауда-сервис орнын оған қызмет көрсететін банк МСС-ге жатқызған болса (Кешбэк есептеу болжанатын сауда жасалған кезде), бірақ Банкте осы сауда-сервис орны өз қызмет түрі бойынша көрсетілген санатқа жатпайды деп есептеуге негіз бар болса, Клиентке Кешбэк салмауға құқылы.

**Кешбэк бағдарламасына
1-қосымша**

Қытайда жасалған сатып алулар үшін Кешбэк есептелмейтін МСС тізімі

МСС	Атауы
1520	Бас мердігерлер – тұрғын және коммерциялық құрылыс
1771	Бетон жұмыстарының мердігерлері
5271	Тұрғын фургондарын сату
7013	Жылжымайтын мүлік агенттері – брокерлер
5511	Жеңіл және жүк көлігі – сату, сервис, жөндеу, қосалқы бөлшектер және лизинг.
5521	МСС 5521: Жеңіл және жүк көліктерін сату (тек қолданылған)
5551	Қайықтарды сату
5561	Автотіркегіш-үйлер, құрастырылмайтын тұрғын және жүк тіркемелері
5571	Мотоциклдерді сату
5592	Дөңгелекті үйлерді сату
5598	Қарда жүргіштерді сату
5599	Өртүрлі автокөліктерді, әуе және а/ш жабдықтарын сату - басқа еш жерде санаттарға бөлінбеген
5933	Ломбардтар
6012	Қаржы мекемелері – сауда және қызметтер
4011	Темір жолдар – Жүк тасымалдау
4214	Автокөліктік тасымалдау жөніндегі агенттіктер, жергілікті / алыс автотасымалдар, жол жүру және сақтау жөніндегі компаниялар, жергілікті жеткізу
4458	Кемені жалға және лизингке алу
5013	Жүк машиналары мен қосалқы бөлшектерді жеткізушілер
5021	Офис және сауда жиһазы
5039	Құрылыс материалдары – басқа еш жерде санаттарға бөлінбеген

5044	Офис, фотография, фотокошірме және микрофильм жабдықтары
5045	Компьютерлер, перифериялық компьютерлік жабдық, бағдарламалық қамсыздандыру
5046	Коммерциялық жабдықтар – басқа еш жерде санаттарға бөлінбеген
5047	Ауруханаларға арналған стоматологиялық / зертханалық / медициналық / офтальмологиялық жабдықтар мен материалдар
5051	Металл өңдеу орталықтары мен офистері
5065	Электр бөліктері мен жабдықтары
5072	Техникалық жасақтамаға арналған жабдықтар мен ілеспе материалдар
5074	Су құбыры мен жылыту жүйесіне арналған жабдық
5111	Кеңсе, офистік ілеспе тауарлар, басып шығаруға және жазуға арналған қағаз
5122	Дәрі-дәрмек, оларды жеткізушілер, дәріханалар
5131	Даналап сатылатын тауарлар, галантерея және басқа да тоқыма тауарлары
5137	Ерлерге, әйелдерге және балаларға арналған арнайы киім
5139	Арнайы аяқкиім
5172	Мұнай және мұнай өнімдері
5192	Кітаптар, мерзімді басылымдар және газеттер
5193	Флористерге арналған керек-жарақтар, тұқымбақ және гүлдер
5198	Лак-бояу өнімдері және олармен бірге жүретін тауарлар
5398	Жалпы мақсаттағы әртүрлі тауарлар
5998	Шатыр және қалқа дүкендері
6010	Қаржы мекемелері – кассада қолма-қол ақша беру
6011	Қаржы мекемелері – автоматты түрде қолма-қол ақша алу
6051	Квази-Кэш – Қаржылық емес мекемелер
5094	Асыл тастар мен металдар, сағаттар мен зергерлік бұйымдар
9498	Шотты кредиттік картамен төлеу